АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ
**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ЖАСТАР САЯСАТЫ
МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСҚАРМАСЫ»
ММ**

АКИМАТ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
**ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ПО
ВОПРОСАМ МОЛОДЕЖНОЙ
ПОЛИТИКИ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

030010, Актөбе қаласы,
тел: 8 /7132/ 54-86-68

030010, г. Актобе
пр.Абилкайыр хана 40
тел: 8/7132/ 54-86-68

27.03.2025ж. № 04-21/158

**«Қармақшы жастары»
жастар қоғамдық
бірлестігінің төрағасы
Б. Бәйділдаевке**

*Сіздің 2025 жылғы 16 наурыздағы
№ 248789 шағымыңызға*

Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы № 14168351-2 (лот № 74982844-ГСЗ1) Ақтөбе облысында «Жайдарман» ойындарын өткізу туралы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары бойынша хаттамаға қатысты шағымыңызды қарап келесіні хабарлайды.

Ақтөбе облысында «Жайдарман» ойындарын өткізу туралы конкурстық комиссия мүшелерімен әлеуетті өнім беруші «Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің жұмыс тәжірибесін есептеу барысында ұсынылған құжаттарға сәйкес 12 жыл мәліметі қаралды. Оның ішінде 2010, 2011, 2013, 2014, 2015, 2016, 2017, 2018, 2019, 2020, 2021, 2022, 2023, 2024 жылдар.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 460-тармағына (бұдан әрі Бұйрық) сәйкес сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарға **көрсетілген қызметтер актілерінің** және **шот-фактуралардың** электрондық көшірмелері болып табылады.

Баспа, теледидар және радио күніне арналған облыстық журналистер форумын ұйымдастыру, Аймақта мемлекеттік тіл саясатын іске асыру туралы, Аудан тұрғындары арасында дін қызметкерлерінің қатысуымен діни-ағартышылық жұмыстарын жүргізу, Атаулы және еске алу күндерін ұйымдастыру әлеуметтік 2023 жылғы әлеуметтік жобалары мен Дін

саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытындағы іс-шараларды өткізу туралы 2024 жылғы әлеуметтік жобасы бойынша **шот-фактуралардың болмауына байланысты** қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесіне есептелмеді. Осыған байланысты, әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы жұмыс тәжірибесі **10 жыл** деп танылды.

Сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім беруші «Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің жұмыс тәжірибесі Бұйрық бойынша расталмады.

Бұл ретте, Ақтөбе облысында «Жайдарман» ойындарын өткізу **нысаны** 2 деңгейден тұратын мемлекеттік тілде әзіл сықақ ойындарының облыстық чемпионатын кемінде 32 команданың қатысуымен өткізу және «Аудандар кубогы» арнайы жобасын Ақтөбе облысы аудандарының жайдарманшылары арасында ашық біріншілік өткізу болса, **мақсаты** «Жайдарман» ойындары арқылы мемлекеттік тілді насихаттау, мемлекеттік жастар саясатын қолдау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1134 «Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы аясында жобаға қатысушы жастар арасында жұмысшы мамандығында білім алатын, қызмет атқаратын жұмысшы жастарды тарта отырып *(10 командадан кем емес)*, әзіл-сқақ ойындарын Ақтөбе қаласы мен кемінде 5 аудандарда ұйымдастыру, сай жұмысшы мамандықтардың қызметін насихаттау, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың интеллектуалдық әлеуетін жүзеге асыру болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші «Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің ұсынған құжаттары бойынша:

- 2010, 2011, 2021, 2022 жылдары жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар қызметтердің нысанына сәйкес келмейді;
- 2013, 2014, 2015, 2016 жылдары жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар қызметтердің мақсатына сәйкес келмейді;
- 2017 және 2018 жылдары екі-екіден әлеуметтік жоба жүзеге асырылған. Оның ішінде қызметтердің нысанына 1, мақсатына 1 жоба сәйкес келмейді;
- 2019 жылы 4 әлеуметтік жоба жүзеге асырылған. Оның ішінде, қызметтердің нысанына 2, нысаны мен мақсатына 1 жоба сәйкес келмесе, 1 жобаның нысаны мен мақсатын анықтау мүмкін болмады;
- 2020 жылы 2 әлеуметтік жоба жүзеге асырылған. Оның ішінде, қызметтердің нысанына 1, нысаны мен мақсатына 1 жоба сәйкес келмейді;
- 2023 және 2024 жылдары жұмыс тәжірибесі расталмады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттарының 5 тармағы әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын білікті мамандар туралы мәліметтер бойынша **4 балл** мамандардың тиісті құжаттармен расталған ұсынылатын әлеуметтік жобаның

және (немесе) Бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес **жеткілікті өтілі мен біліктілігі болған жағдайда беріледі**.

Мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар болып білім туралы дипломдар, тиісті тақырып бойынша курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар және еңбек өтілін растайтын құжаттар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші «Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігі әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын білікті маман ретінде жоба жетекшісі және заңгер **Р. Бисенов** құжаттарын ұсынған. Ұсынылған құжаттарға сәйкес тиісті тақырып бойынша курстардан, семинарлардан өткені туралы **сертификаттардың болмауына байланысты біліктілігі расталмады**. Ал, еңбек өтіліміне 2025 жылғы 18 ақпандағы енбек шарты ұсынылған. Конкурстық құжаттарды бағалау мерзімінде Р. Бисеновтің **еңбек өтілімі 1 айдан төмен болуына байланысты еңбек өтілімі расталмады.**

Әлеуетті өнім беруші «Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігі ұсынған жобасының тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспарында **орындау мерзімдері көрсетілмеген**. Бенефициарларды қамту бөлімінде жоба қатысушылар құрамына сәйкес **14 пен 35 жас аралығындағы жастар мен студенттер туралы ақпарат ұсынылмаған**. Жобамен қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелері **сандық және сапалық индикаторлар қамтылмаған**.

Жоғарыда баяндалған негізде, Ақтөбе облысында «Жайдарман» ойындарын өткізу туралы конкурстық комиссия мүшелерімен әлеуетті өнім беруші «Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің құжаттары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бағаланған және қорытынды хаттама қайта қарауға және конкурс құжаттамаларын қайта бағалауға жатпайды.

Басқарма басшысы **М. Ермағанетов**

Орындаған: Н. Мусин
Телефон +7 7132 742 890
n.musin@aktobe.gov.kz